

ТУРКІСТАН ОБЛЫСЫ  
САРЫАҒАШ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ  
ҚАУЛЫСЫ

«19» 10 2018 жыл

№ 450

**Сарыағаш ауданының білім  
бөлімінің білім беру ұйымдарының  
ережелерін қайта бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 45 бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31 бабына, «Мемлекеттік мұлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18 бабына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабы 4-тармағына сәйкес және ауданының білім бөлімінің ұсынысын қарап, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Сарыағаш ауданының білім бөлімінің мына білім беру ұйымдары туралы ережелер жаңа редакцияда қайта бекітілсін:

1-қосымшаға сәйкес «Сарыағаш ауданының білім бөлімінің №1 М.Әуезов атындағы мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2-қосымшаға сәйкес «Сарыағаш ауданының білім бөлімінің №10 Қ.Сәтпаев атындағы мектеп-гимназия интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

2. Ауданының білім бөлімі (Н.Усипбеков) қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жаңа редакцияда бекітілген жарғыларды Сарыағаш аудандық әділет басқармасында тіркеуден өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Тасқұловқа жүктелсін.

**Аудан әкімі**

**Қ.Абдуалиев**

